

"Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 20 сәуірдегі № 221 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 мамырда № 10963 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 69 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 29.05.2020 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау департаменті:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде ресми жариялануын;

3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әділет министрлігінің Жауапты хатшысы М.Б. Бекетаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жыл 23 сәуір

Б. Имашев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2015 жылғы 20 сәуірдегі
№ 221 бұйрығымен
бекітілген

"Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуі қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Әділет министрінің 17.04.2019 № 211 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуі қозғау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).
2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын (бұдан әрі – Стандарт) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірлеген.

3. Мемлекеттік қызметті аумақтық әділет органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) атқарушылық әрекеттердің жасалған жері бойынша көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы;
- 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);
- 3) www.egov.kz "электронды үкімет" веб - порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:
 - 1) көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған, порталға өтініш жасаған кезден бастап – 3 (үш) жұмыс күні;

2) көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін құтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетуіне рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – қағаз/электронды түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – мемлекеттік сот орындаушысының іс жүргізуді қозғау туралы немесе осы Стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бастап туралы қаулысы.

7. Жеке және занды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі тұскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі тұскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

2) Мемлекеттік корпорация - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, Мемлекеттік корпорацияның белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау атқарушылық әрекеттерді жүргізу орны бойынша "электрондық" кезек тәртібімен жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады.

3) портал – жөндеу жұмыстарының жүргізілуімен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не нотариалдық сенімхат бойынша оның өкілі, өкілеттігін растайтын құжат бойынша - занды тұлғаға) көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі (бұдан әрі - Құжаттар топтамасы):

1) осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгіну негізіне қарай атқарушылық құжат:

судьяның қолымен және соттың мөрімен расталған, занды қүшіне енгені туралы белгісі бар сот актісінің көшірмесімен қоса сот актісі негізінде берілетін атқарушылық параптас;

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасына сәйкес берілген сот бұйрығы;

судьяның қолымен және соттың мөрімен расталған, занды қүшіне енгені туралы белгісі бар сот актісінің көшірмесімен қоса Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық, шетелдік соттардың және төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындану туралы сот актілерінің негізінде берілетін атқарушылық параптас;

судьяның қолымен және соттың мөрімен расталған, занды қүшіне енгені туралы белгісі бар сот актісінің көшірмесімен қоса төрелік шешімдерін мәжбүрлеп орындану туралы соттың үйғарымы негізінде берілетін атқарушылық параптас;

соттардың талап қоюды қамтамасыз ету туралы немесе талап қоюды қамтамасыз етудің қүшін жою туралы үйғарымдары;

атқарушылық жазба;

3) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін).

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде:

1) осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған кезде қағаз жеткізгішіндегі өтініштің қабылданғанын оның көшірмесіндегі белгі, қабылданғанын көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінде құжаттар топтамасының қабылдау күні мен уақыты көрсетіліп тіркелуі раставу болып табылады, портал арқылы жүгінген жағдайда қызмет алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге жолданған сұрау салудың мемлекеттік қызметке алынғандығы туралы мәртебесі, сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алатын күнді және уақытты көрсете отырып, ақпарат жолданады.

Жеке басты куәландыратын, мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгіну негізіне қарай атқарушылық құжат туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың осы тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес және (немесе) қолданыс мерзімі өтіп кеткен құжаттардың топтамасын ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызмет беруші

өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың осы тармағында көзделген тізбеке сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын (не нотариалды куәландырылған сенімхат бойынша оның өкілінің) куәландыратын құжатты ұсынған кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтиженің бір ай бойы сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген кезде көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мэртебесі туралы" Заңының 38-бабымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3-тaraу. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау:

1) шағым осы Стандарттың 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті берушінің не Министрлік басшыларының атына беріледі.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), пошталық мекенжайы, заңды тұлғаның шағымында - оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі.

Шағымдар жазбаша түрде пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің қенесесі арқылы қолма-қол, сондай-ақ портал арқылы қабылданады.

2) Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы Стандарттың 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар арқылы Мемлекеттік корпорацияның басшысына жіберіледі.

Шағымның көрсетілетін қызметті берушіде, Министрлікте немесе Мемлекеттік корпорацияда тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына келіп тұсken көрсетіletіn қыzmettі alushynың shaғымы tіrkelgen kүnіnen bastap bes жұмыс kүnі iшіnde қaralufa жatadы. Shaғымды қaraу nәtiжeleri туралы dәleldі jaup kөrsetiletіn қyзmettі alushyfа пошта bайланысы arқылы жіberіlеді ne kөrsetiletіn қyzmettі berushіnің немесе Ministrліktің қensesіnde қolma-қol berіlеді.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 114, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетіletіn қyzmettі alushyfа "жеке кабинетінен" жүgіngeni туралы aқparat қoljketimdi болады, ol kөrsetiletіn қyzmettі berushі өtіniшti өndeu (jetkіzіlgeni, tіrkelgeni, oryndalfanu туралы belgi жасау, қaraу nemese қaraudan bas tartru туралы jaup) barыsynda jaңartыlyp отырады.

Көrsetiлgen мемлекеттік қyzmet nәtiжelerіmen keliспеген jaғdайda kөrsetiletіn қyzmettі alushy мемлекеттіk қyzmetter kөrsetu sapasyn бағalaу жәne бақылау жөniндегi uәkilettі organfa жүgіne алады.

Көrsetiletіn қyzmettі alushyның мемлекетtіk қyzmetter kөrsetu sapasyn бағalaу жәne бақылау жөniндегi uәkilettі organның атыna keliп tұsken shaғымы tіrkelgen kүnіnen bastap on bes жұмыs kүnі iшіnde қaralufa жatadы.

12. Көrsetiлgen мемлекетtіk қyzmettіn nәtiжelerіmen keliспеген jaғdaiда kөrsetiletіn қyzmettі alushy Қазақстан Республикасының заңnamасында belgilenген тәrtiппen сотқa жүgіne алады.

4-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Тыныс-тіршілігін шектейтін кемістіктерден ағза функциялары тұрақты бұзылуынан денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушыларға қажет болған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүргіну жолымен мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: көрсетілетін қызметті берушінің: www.adilet.gov.kz;;

Мемлекеттік корпорацияның: www.gov4c.kz интернет-ресурстарында орналастырылады.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74-04-83. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Өндіріп алушының өтініші
бойынша атқарушылық
құжаттың негізінде
атқарушылық іс жүргізу
козғау" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

Атқарушылық іс жүргізу ді қозғау туралы өтініш

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

(занды тұлғаның атауы және БСН / жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса) және ЖСН

Осы өтінішке қоса берілетін атқарушылық құжат негізінде атқарушылық іс жүргізу ді қозғауды сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің, занды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайы

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көшениң атаяу, үйдің/ғимараттың нөмірі)

Электрондық почта _____.

Телефондары _____.

Факс _____.

Осы арқылы:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға атқарушылық құжатты орындау мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

қоса берілетін барлық құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және дәйекті болып табылатыны расталады.

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болса))

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____ 20 ___ жылғы "___" _____

(қолы)

Занды тұлғалар үшін

мөр орны (бар болса) Толтырылған күні: 20 ___ жылғы "___" ____

"Өндіріп алушының өтініші
бойынша атқарушылық
құжаттың негізінде
атқарушылық іс жүргізу
қозғау" мемлекеттік
корсетілетін қызмет

стандартына
2-қосымша

Нысан

Атқарушылық құжатты жазып беру және мәжбүрлеп орындауға жолдау және атқарушылық іс жүргізуі қозғау туралы өтініш

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атаяу)

(занды тұлғаның атаяу және БСН / жеке тұлғаның Т.А.Ә. (бар болса) және ЖСН

Осы өтінішке қоса берілетін атқарушылық құжат негізінде атқарушылық іс жүргізуі қозғауды сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің, занды тұлғаның орналасқан жерінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, облыс, қала, аудан, елді мекен,

көшениң атаяуы, үйдің/ғимараттың нөмірі)

Электрондық пошта _____.

Телефондары _____.

Факс _____.

Осы арқылы:

барлық көрсетілген деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға атқарушылық құжатты орындау мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

қоса берілетін барлық құжаттар шындыққа сәйкес келетіні және дәйекті болып табылатыны расталады.

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болса))

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпия болып табылатын мәліметтерді пайдалануға келісемін _____ 20 ___ жылғы "___" _____

(қолы)

Занды тұлғалар үшін

мөр орны (бар болса) Толтырылған күні: 20 ___ жылғы "___" ____

"Өндіріп алушының өтініші
бойынша атқарушылық
құжаттың негізінде
атқарушылық іс жүргізуіді
көзгай" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет

стандартына

3-қосымша

Нысан

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса) не ұйымының атаяуы)

(көрсетілетін қызмет алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабын басшылыққа ала отырып, көрсетілетін қызметті беруші (толық атаяу мен мекенжайын көрсету) Сіздің Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауызыға, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атаулары:

1) _____ ;

2) _____ ;

3)

және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынуыңызға байланысты "Өндіріп алушының өтініші бойынша атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғау" мемлекеттік қызмет көрсетуіне құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

(көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері) Т.А.Ә. (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. (бар болса) _____

Телефон _____

Алды: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болса)/қолы

20__ жылғы "___" _____

"Өндіріп алушының өтініші
бойынша атқарушылық
құжаттың негізінде
атқарушылық іс жүргізуді
қозғау" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
4-қосымша
Нысан

(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса) не ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызмет алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес қоғамның АҚ филиалының № __ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты мелекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес көрсетілетін қызметтің атауын көрсету) құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атаулары:

1) _____;

2) _____;

3)

Осы қолхат әрбір тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің) Т.А.Ә. (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. (бар болса) _____

Телефон _____

Алды: көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә. (бар болса)/қолы

20__ жылғы "___" _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК